

**1 қазан- Қарттар күніне арналған
«ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»
атты кездесу кешінің сценарийі**

Өтетін күні: 29 қыркүйек 2023 ж.

Өтетін жері: Мектептің АКТ залы

Сағаты: 12:00-де

Іс-шараның мақсаты: оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

- ❖ Сахна әсем әнімен ашылады.
- ❖ Фан-фар

Разия:

Алдарыңызда «Ұстазым» әсем әнімен өнер көрсеткен 10 «Ә» сынып оқушылары Әшірбек Бибінұрмен Ахметова Фариза қыздарыңыз, қошеметпен қол соғып қойыңыздар.

Ерасыл:

Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар! Шынайы да ізгі сезімдерді, білімнің алтын дінгегін сыйлаушы ұстаздар қауымы! Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекелері қарттар, ұстаздар мерекесі тоғысқан күнімен құттықтаймыз.

(сахнада видео көрсетіліп тұрады.)

Разия:

Хош келіпсіз ақ жаулықты аналар,
Ақыл кенін арқалаған аталар.
Алдарында жауқазындай құлпырған,
Біз алаңсыз балғын шақты балалар

Ерасыл:

Армысыз ауылымның асылдары
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би
Сіздер үшін мереке шашулары

Разия:

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген қарттардың орны ерекше, олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады.

Ерасыл:

Ия, дұрыс айтасың , біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1 қазан - Қарттар күнімен тағы да құттықтаймыз!

Разия:

Бүгін мектебімізге, мерекелік іс-шарамызға мектебіміздің ардагер ұстаздары келіп отыр. Олай болса, қадірменді қонақтарымызбен таныс болыңыздар.

- ✓ Мектебімізде 2018-2020 жылдары басшылық қызмет атқарып, мектеп директоры болған зейнеткер ұстаз Ахметбаев Аманбек Молдабекұлы;
- ✓ Алғаш шәкірт қолына қалам ұстатып, білім берген бастауыш сыныптың зейнеткер ұстаздары Асанбаева Бибігул мен Сарсенбаева Саламат Сұлтанқызы;
- ✓ Баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруде және эстетикалық көзқарасты қалыптастыруда зор еңбек сіңірген зейнеткер ұстаздарымыз. Манкентбаева Мейіркүл Жүнісқызы, Исаева Жанат Тойболаевна және Жұрынбаева Сауле Сәйпішқызына, ардагер кітапхана меңгерушісі Алибаева Қалипа апайымызға қошемет көрсетіп қоялық,
- ✓ Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың тарихын әрбір баланың санасына құйып, оның ұлтжанды, өз елінің жанашыры болып қалыптасуына өз үлесін қосқан ардагер ұстазымыздың бірі- тарих, география пәндерінің мұғалімі болып еңбек еткен Сарыбаев Батыр ағайымызға да қошемет көрсетіп қояйық.
- ✓ Есеп-қисапты ғылымда ғана емес, қарапайым өмірде де жиі қолданудың тиімді тәсілдерін меңгерткен ұстаздарымыз Оспанова Гулбала Бекмырзақызы мен Бердиева Нағима Кенесқызы;

Ерасыл: Қош келдіңіздер баршамыздың сауатымызды ашып, білім нәрімен өмірге қанат қақтырған қымбатты ұлағатты ұстаздар!

Разия:

Ендеше, «ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ» атты кездесу кешіміздің алғашқы сөзін мектебіміздің директоры Усманов Бегмат Нұралыұлына береміз.

Көрініс болады. Антқан сөзү эн керек!

Ерасыл: Керемет тілектен соң, қарияларымызға арналған Ю «Б» сынып оқушысы Бералы Тоғжанның орындауындағы «Ана» атты әнін қабыл алыңыздар.

Разия:

Алтын сақал омырауын алқалап,
Қария тұр қабағынан ой тарап.
Күркірейді орғып долы дария,
Аласапыран толқындарын арқалап,- деп ақын Қалижан Бекқожин
жырлағандай оқушылардың жыр шұмақтарын қабыл алыңыздар.

Ерасыл:

Жадыраймын жадырайын,
Көңілденіп күлемін.
Жанар ма деп талабым,
Ата ақылын тыңдаймын-дей келе келесі сөз кезегін ардагер ұстаздарымызға берсек деп отырмыз.

*(Ендеше сіздерге қолқа салсақ деп отырмыз, мектеп өмірінің бір күні туралы немесе мектеп қабырғасындағы қызықты оқиғаларыңыз болса бөлісе отырсаңыздар.)
Оқушыларымыздың сіздерге қояр сұрақтары бар екен, ендеше соларға кезек берсек*

Разия:

Халқымыз «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас»,- деуші еді, ендеше мына отырған балаларыңызға ақ баталарыңызды берсеңіздер.

Ерасыл: Керемет Ақ бата мен Ақ тілек! Аумин, айтқандарыңыз келсін!

Разия:

Шалқыса қуанышпен от жүрегім,
Мен сонда ақтарыла көп күлемін.
Тек қана гүл көңілдің айғағысың
Би-шаттық, би-мереке деп білемін.

БИ: «Камчи бос» Орындайтындар: «Арнау» би тобы.

(Сыйлақтар тарату) Директор мен Гүлбақыт апайды шақыру

Ерасыл:

Аппақ шашың күн сайын қылаңдаған
Зейнет емес бейнеттен арылмаған
Тәңірімдей табынып өтем мәңгі
Қариялар, өзінді ел сыйлаған.

Разия:

Қарттарым сіздерге Алла саулық берсін
Денсаулық ауыз-бірлік бола берсін
Тап-таза абыройлы болғаныңды
Қазіргі ел билеген жастар көрсін, -
деп тілек тілеп бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.
рахмет.

